

«Білім беруді дамыту орталығы» КММ  
директорының  
2023 жылғы «Дебат»  
№ бүйрығына қосымша

## «Intellectum DD2» Директорлар дебаты» дебат турнирін өткізу Ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Білім беру ұйымдарының басшылары арасында өтілетін «Intellectum DD2» Директорлар дебаты» дебат турнирін (бұдан әрі – Турнир) өткізу ережелері Турнирдің мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. КР Конституциясын, «Педагог мәртебесі» туралы заңын, «Білім туралы» заңын, «Еңбек Кодексін», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысын ескере отырып әзірленді.

### 2. Ережеде колданылатын ұйымдар:


- 1) бэллет – ойын қорытындылары жазылған төреши парагы;
- 2) кейс – шешімді талап ететін нақты фактілерге негізделген мәселелік жағдайдың сипаттамасы;
- 3) ребатл – қарсыластың сөздерін теріске шығару, қарсы аргументтер мен фактілер келтіру;
- 4) резолюция – дебаттағы пікірталас мәселелерінің негізгі тақырыптары;
- 5) тайм-кіпер – бұл спикерлердің сөз сөйлеу уақытын белгілей отырып, ойын ережесінің сақталуын қадағалайтын адам;
- 6) флоушит – ойын барысында ойыншылардың акпаратын толтыратын төреши парагы.

### 2. Пікірсайысты ұйымдастыруышылар

Білім беру ұйымдарының басшылары арасында өткізілетін «Intellectum DD2» Директорлар дебаты»» атты дебат турнирін Түркістан облысының Білім беруді дамыту орталығы ұйымдастырады. Турнир дебаттың Американдық парламенттік форматына (АПФ 1-қосымша) сәйкес өткізіледі. Бір командада екі (директор) адам болады.

**3. Турнирдің мақсаты:** Білім беру саласындағы, қоғамдағы өзекті мәселелерді талдау, шешу жолдарын қарастыру, мектеп директорларының сөйлеу және ораторлық мәдениетін дамыту және толеранттық тәртіппен азаматтық танымды дамыта отырып, қоғамдағы маңызды мәселелер аясында өз көзқарастары арқылы шешім қабылдау, құқықтық сауаттылықты мониторингтік зерттеулер негізінде пікірсайыс арқылы толығырақ насиҳаттау, жаңа идеяларды туындау.

### 4. Турнирдің міндеттері:



1. мектеп директорларының жалпы мәдени және саяси ой-өрісін кеңейту, шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және сендерін қалыптастыру,

зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру дағдыларын, коммуникативтік біліктерін дамыту;

2. мектеп басшыларын өзекті қоғамдық саяси тақырыптарды талқылауға тарту, азаматтық көзқарастарын дамыту және конструктивті диалог пен пікірталасты жүргізу мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын жандандыру;

3. білім саласында интеллектуалды жарыстар мен конструктивті пікірталастарды насыхаттау, дебаттық клубтар мен мектеп директорлары арасында тәжірибе алмасуға ықпал ету;

4. жариялыштық, талқылау арқылы шығармашылық және сыйни ойлау қабілетін дамыту және ашықтыққа дағыланыру;

5. білім беру саясатын жүзеге асыру, кадрлық резервті жасақтау, жақтастар мен спикерлер тобын, амбасадорларды қалыптастыру;

## **2-тaraу. Турнир кезендерін өткізу уақыты мен орны**

### **2.1. Мектеп директорларының дебаттық турнирі екі кезенде өткізіледі:**

#### **1) бірінші кезең (іріктеу) – аймақтық-аудандық/қалалық;**

- Аймақтық кезенде өткізу (аймақ женімпазы аудандық турнирге жолдама алады);
- Аудандық кезенде өткізу;
- Аудандық турнирдің женімпаз командасы облыстық турнирге жіберіледі.

#### **2) екінші кезең – облыстық турнирі екі кезенде өткізіледі:**

\* бірінші кезең (іріктеу) – жартылай финал;

\* екінші кезең (жартылай финалға іріктелген команда финалға жолдама алады) ;

- Облыстық кезенге әр ауданнан бір команда қатысады;
- Облыстық турнир екі айда бір рет өткізіліп, әр айналымдағы женімпаз команда жыл сонында өткізілетін ақтық ойынға жолдама алады.
- Жыл сонында жылдың женімпаз командасы анықталады.
- Турнир (турнирлер санын жергілікті ұйымдастыру алқасы анықтайды).

2.2. Мектеп басшыларының дебаттық турнирін өткізу уақыты мен орны аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің және Түркістан облысы Білім беруді дамыту орталығының бұйрығымен реттеледі.

2.3. Турнирдің өнірлік кезендері карантин кезінде санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекциялау, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың жаппай жиналудына жол бермей жүргізіледі.

## **3-тaraу. Турнирге қатысушылар**

3.1. Аудандық/қалалық Турнирлердің қорытындысы бойынша жоғары балл жинаған женімпаз командалар облыстық турнирлерге қатысады.



**3.2.** Турнирге қатысу мектеп басшылары, аудандық білім бөлімі басшыларының қолы қойылған өтінімдер Турнир үйымдастырушыларына жіберіледі.

Өтінімге мыналар қоса тіркеледі:

- (*ережеге 2-қосымша*) қатысушылар туралы мәліметтер жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес толтырылып, бөлім басшысымен бекітілуі қажет. (*Т.А.Ж., туган жылы, лауазымы, жұмыс орны және білім беру үйымының мекенжайы, телефоны, топ жетекшісі*);

#### 4-тарау. Турнирді өткізу тәртібі

**4.1.** Турнир үйымдастырушылары турнирдің үйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

**4.2.** Турнирдің өнірлік кезеңдерін өткізу бойынша үйымдастыру комитеттері Турнирді өткізу шарты мен тәртібін ережеге сәйкес анықтайды.

**4.3.** Сөз сөйлеу – дебат турнирінің ережесіне сай өтеді және сөз сөйлеу реті мен қараптардың (такырыптардың) ойнатылуы қатысушылардың қатысуымен жеребе тастау арқылы анықталады.

**4.4.** Негізгі ойындар: Іріктеу ойындары, жартылай финал және финал.

**4.5.** Бірінші бөлімі іріктеу ойындары 2 раундан тұрады. Эр раундқа бір қарап (карапатын мәселе, тақырып) беріледі. Іріктеу ойындарында қарсылас командалар жеребе бойынша іріктеледі. Сол командалар іріктеу кезеңінде бір рет кездеседі.

Іріктеу ойындарының аяқталғаннан кейін негізгі ойындарға дайындық жүргізіледі. Ол үшін әр команданың екі раундтағы нәтижелері жазылады, үпайлардың жалпы саны, есептеледі және пікірталасқа қатысушылардың әрқайсының дәрежелері оларды қосу арқылы анықталады. Жалпы нәтижесі жиынтық ведомостіне енгізіледі. Іріктеу ойындарының нәтижелері жарияланғаннан кейін жартылай финалға шықкан командалар анықталады. Жартылай финалға әр топ бойынша іріктеу кезеңінің женімпаздары шығады.

Жартылай финалда командаларға бір қарап беріледі. Жартылай финалдың қорытындысы бойынша финалға женімпаз командалар шығады.

**4.6.** Командалар саны тақ келген жағдайда, жеребе бойынша бір команда «демалады». Өткізілген раунд үшін демалушы команда командалық балл мен орташа спикерлік балды автоматты тұрде алады.

**4.7.** Төрешілікті дебаттық клубтардың дебатерлері қатарынан төрешілер алқасы мен шығармашылық топ мүшелері жүргізеді. Төрешілер алқасы ойынды үзуге айрықша құқығы бар турнирдің Бас төрешісін таңдайды. Турнирдің Бас төрешісінің дебат нәтижелеріне қатысты шешімі қалған төрешілердің нәтижелерімен бірдей ескеріледі. Турнир кестесін Бас төреші жасайды.

**4.8.** Турнирдің Бас төрешісінің қарауы бойынша әр раунд үшін төрешілер алқасы 1-3 адамнан құрылады. Жартылай финалда және финалда дебатты үш - бес төреші бағалайды.

Олардың бірі бас төреші болып тағайындалады, ол Ережеге сәйкес пікірсайысқа қатысушыларды сахнаға шақырады, наразылық туралы мәлімдемелерді қарайды, спикерлерге өз орындарын алуға шақырады және бір тайм-

киперді тағайындауды. Тайм-кипер дебатқа қатысушылардың сөз сөйлеуге бөлінген уақытты қалай басқаратынын қадағалайды.

**Әр кезеңнің қорытындысымен әділ-қазылар алқасы жеңімпаз деп таныған команда келесі кезеңге жолдама алады.**

### **СОНЫМЕН ҚАТАР:**

1. Модератор (жүргізуі, төрепті) этносаралық, діни және әлеуметтік алауыздықты қоздыруға бағытталған қатысушылар мен көрермендердің сөздерін, партия басшылығы мен «қара пиардың» басқа кандидаттарға қатысты сынын және т.б. үзуге міндетті.

2. Сөз сөйлеу кезектілігі әрбір кезеңде жеребемен айқындалады. Жеребе түрін тандауды ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

3. Жария пікірсайыс барысында азаматтың жеке басына тіл тигізу мен кемсіту, айыптау сөздері айтылмай, өзара сыйластық пен сытайылық қағидасы сақталуы тиіс.

### **Тайм-кипердің міндеттері:**

1. Презентациялық немесе конструктивті сөйлеудің бірінші минуты өткеннен кейін және оның аяқталуына бір минут қалғанда арнайы белгі беру арқылы тоқтату, тиісінше сөйлеушіге сұрақтар қою немесе түсініктемелер беру мүмкіндігінің пайда болуы/жоғалуы туралы сигнал беру;

сөз сөйлеушілерге олардың қанша минут өнер көрсетіп жатқанын / сөйлеуге қанша уақыт қалғанын (саусақпен немесе белгімен) көрсетеді. Бұл мәселелер туралы ойынды бастамас бұрын пікірсайысшылардың өздерімен келіскең дұрыс;

егер қатысушы уақыт лимитінен 30 секундтан асып кетсе, төрешіге хабарлайды. Төрепті оның репликаларын жазуды тоқтатады және сөйлеуптің сөзін аяқтауға және өз орнына орналасуына шақырады;

әрбір сөз сөйлеу аяқталғаннан кейін төрешілерге жаңа ғана сөз сөйлеген пікірсайысшылардың сөзіне бөлінген уақыт лимитінен қаншалықты минут асып кеткенін/толық пайдаланылмағанын хабарлайды.

Төрешілер алқасының бір өкілі телефон камерасына бейнетүсірілім жүргізеді. Турнир қашықтық форматында өткізілсе, бейнежазба жүргізіледі.

2. Бас төреші раунд 15 минуттан кейін басталатынын хабарлайды. Барлық раундтың қарапары хабарланады. Хабарландырудан кейін ойыншылар қарапарды түсініп, істі ойластырып, жақсы дәлелдер дайындауды керек, басқа командалар не айтатынын болжап, бәрін біртұтас етіп біріктіруі керек.

3. Ойыншылар үшін ақпараттың жалғыз көзі – серіктесі және өздерімен бірге әкелген кез-келген жазбаша материалдар. Ойын барысында интернеттен ақпарат іздеуге және жалпы электронды құрылғыларды пайдалануға рұқсат берілмейді.

4. Турнир кезінде әр төреші балл мен түсініктемелерді бағалау критерийлеріне (ережеге 3-қосымша) сәйкес бағалау парагына енгізеді. Төреші раундтың жалғыз және өкілетті төрешісі және оның шешімі түпкілікті болып табылады.

Егер турнирде төрешілер алқасы З төрешіден құралса, бұл жағдайда олар өз шешімдерін 15 минут ішінде бір-бірімен талқылайды, ал төрешілердің көпшілігі дауыс берген командаға жеңіс беріледі.

Пікірсайыстар аяқталғаннан кейін төреши алқалары пікірсайыстарға жалпы баға беруге, қабылданған шешімді түсіндіруге және жақсарту қажет болатын сөттерді көрсетуге міндетті.

#### **Төрешилік өлшемдері:**

- 1) өзектілігі;
- 2) дәлелденуі;
- 3) маңыздылығы;
- 4) шынайылығы.

5. Жеке раундта женіс үшін команда 1 үпай, женіліс үшін – 0 үпай алады.

6. Эр раундқа берілген бағамен қатар төреши әрбір спикерге 1 ден 30 үпайға дейін (*ережеге 4-қосымша*) «спикерлік үпай» береді. Өзінің атына қарамастан спикерлік үпайлар тек спикердің стилистикалық қабілетіне ғана байланысты емес, дебаттың жалпы дәрежесін – дәйектеме, сараптама, терістеу стилі мен риторикасын қоса көрсетеді.

7. Балл саны бойынша әр жас санатында тіл тобында Турнирдің үздік спикерлері анықталады.

#### **5-тарау. Қатысушыларды марапаттау**

1. Турнирдің қорытындысы бойынша әділ қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен, сыйлықтармен және Турнирдің барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

Турнирде үздік қатысушылар «Үздік спикер», «Үздік оратор», «Дебаттық креатив», «Тілмар», «Тапқыр», «Майталман» номинациялар бойынша дипломдармен марапатталады.

Ережеге 1-қосымша

#### **АМЕРИКАНДЫҚ ПАРЛАМЕНТТЕК ФОРМАТ**

**Америкалық парламенттік формат (АПФ)** – бұл *Парламенттік* тұрпаттағы дәйектердің, тапқырлықтың және риторикалық қасиеттердің сайысы. Әрқайсысы екі ойыншыдан тұратын екі команда – *Үкімет* пен *Оппозиция* қаралуға ұсынылған қарапарды талқылайды. Эр раундқа жаңа қарапар таңдалап алынады. *Пікірсайыс* барысын *Палата Спикері* басқарады, сонымен бірге сайыстың төрешилік қызметін атқарады. Егер раундта бірнеше адам төрешилік етсе, онда олардың арасынан бір *Палата Спикері* таңдалап алынады. Американдық парламенттік формат дәл зерттеу мен дәлелдер жинауға емес, тез сыни ойлауға, логикалық ойлауға және сараптамалық талдауға негізделген.

Қарар – дебаттардың тақырыбы. Пікірсайыстардағы пікірталас мәселелерінің негізгі тақырыптары – бұл Қазақстан Республикасының тұрақтылығы мен гүлденуі, бұл әрбір азаматтың елдің серпінді дамуына жеке қатысуы, білім саласындағы өзекті мәселелерге назар аудару, қоғам игілігі үшін жұмыс істеуге деген ықыласы мен қабілеті, туған ел игілігі үшін балалар мен жастардың шығармашылық және ғылыми

әлеуетін іске асыру, Қазақстанның дәстүрлөрін сактау және мәдени мұрасын көбейту, әлемдік мәселелердің өзектілігі.

### **Қатысушылардың сөзі:**

#### **Премьер-министрдің (үкімет лидерінің) конструктивті сөзі - 7 минут:**

- ✓ біршінші спикер пікірталастың анықтамасын (немесе моделін / механизмін) белгілейді, олар оппозиция командасына пікірталасқа қолайлы орын беру үшін тақырыптың қарапайым мағынасына жақын болуы керек;
- ✓ өзінің кейсін нақты және айқын таныстырады;
- ✓ кейсті бірнеше тәуелсіз дәлелдер көмегімен қолдайды.

#### **Оппозиция лидерінің конструктивті сөзі – 8 минут.**

- ✓ үкіметтің механизміне, анықтамасына, қалыптасқан жағдайына қарсы шығуы мүмкін, бірақ сіздің механизміздің, анықтамаңыздың, қалыптасқан жағдайдың шын мәнінде сәйкес келетінін анықтап түсіндіру қажет;
- ✓ үкіметтің дәйектерін терістейді;
- ✓ өзінің кейсін нақты және айқын таныстырады;
- ✓ кейсті бірнеше тәуелсіз дәлелдер көмегімен қолдайды.

#### **Премьер-министр орынбасарының (үкімет спикерінің) конструктивті сөзі**

##### **- 8 минут:**

- ✓ оппозицияға шабуыл жасайды;
- ✓ үкімет кейсін нығайтады;
- ✓ жаңа дәлелдер келтіре алмайды.

#### **Оппозиция лидері орынбасарының (оппозиция спикери) конструктивті сөзі**

##### **- 8 минут:**

- ✓ үкімет мүшесіне (спикеріне) қарсылығын көрсетеді;
- ✓ оппозиция кейсін нығайтады;
- ✓ жаңа дәлелдер келтіре алмайды.

**Парламенттен сөз сөйлеу** (әр адамға сөз сөйлеуге 1 минут, 3 көрерменнен артық емес, әр парламентарий екі позицияға да қатысы жоқ өзінің субъективті пікірін білдіреді);

**Оппозиция лидерінің сараптамасы – 4 минут** (жаңа дәйектерге және ребатлға тыйым салынған):

- ✓ пікірталастың негізгі тақырыптарын айтып шығады;
- ✓ оппонентке қатысты өз кейсінің айқын артықшылығын көрсетеді;
- ✓ көзқарастар қақтығысының нақты көріністерін береді (дихотомия);
- ✓ қорытынды шығарады.

#### **Премьер-министрдің (үкімет лидерінің) талдауы – 5 минут** (1 минут

ребатлға, 4 минут сараптамаға, жаңа дәйектерге тыйым салынған);

- ✓ раундтың қорытындысын шығарады;
- ✓ раундтың негізгі және сыни кезендерін айтады;
- ✓ оппонентке қатысты өз кейсінің айқын артықшылығын көрсетеді;

- ✓ көзқарастар қақтығысының нақты көріністерін береді (дихотомия);
- ✓ қорытынды шығарады.
- ✓

**Турнирдің қарапары.** Келтірілген қарап бойынша команда міндепті түрде өзінің кейсін Американдық парламенттік форматына (АПФ) сәйкес дайындау қажет.

**Дәйектеме және сараптама.** Бұл – парламенттік дебаттың іргетасы. Тұжырымдар мен эмоцияға ғана жүгінетін топтан, тізбектелген, логикалық сараптама жүргізген топ сенімді женіске жетеді. Дәйектер нақты, сенімді әрі қарсыластардың құндылықтарымен қақтығысты қамтамасыз ететіндей болуы керек.

**Мазмұны.** Парламенттік дебат фактілер мен статистикаға негізделмесе де, шынайы өмірден алынған мысалдар мен дәлелдерді білу Сіздің позицияңызды нығайту үшін әрдайым көмектеседі. Сізді сараптау міндептінен құтқаратын тірек ретінде дәлелдерді қолданудың қажеті жок, дегенмен олар абстрактілі дәйектемені күштейту үшін қызмет ете алады.

**Terіstey.** Белгілі бір мәселеде өз көзқарасының білдіру жеткіліксіз, қарсыластардың дәйектеріне тікелей қарсы тұрғаныныңға және сәтті қарсы тұрғаныныңға көзіңізді жеткізіңіз. Тағы да, раундта автоматты түрде жену не женілу үшін ұмытылыш кеткен дәйек жеткіліксіз (егер бұл ең маңызды дәйек болмаса), бірақ сіз женгіңіз келсе, мықты терістеудің мәні өте зор.

**Сөз құрылымы.** Төрешілер дәйектері нақты белгіленіп ұсынылған сөзді жоғары бағалайды. Дәйектеменің әр түрлі сыйықтары нақты бөлініп тұруы тиіс. Мұны дәйектерге сілтеме жасау арқылы істеуге болады (не басқа да технологияларды қолдануға болады). Ребатлда раундтың ең маңызды тұстарын қысқа әрі мықты қозғап, детальдарға тым беріліп кетпегені жөн.

**Сұрақтар.** «Сұрақтарды» пайдаланған дебатер раунд бойы артықшылыққа ие болады. Өткір сұрақ қою мән оған тез әрі ұтымды жауап беру арқылы өзініздің суырып салма ойлау қабілетінізді көрсетесіз, бұл қасиетті төрешілер жоғары бағалайды.

**Toppen жұмыс.** Дебатшылардан топтық жұмыс, бір-бірінің дәйектерін күштейту және раунд бойы философияны біртіндеп дамыту құтіледі. Өз әріптесінізге қарама-қайшы келменіңіз, одан да ертерек енгізілген дәйекті кеңейтіп, өз әріптесінізге мақсатқа жетуге көмектесініз.

Ережеге 2-қосымша

### Турнирге қатысу туралы өтінім

№	Қатысушы-ның аты-жөні (толық)	Қатысушы-ның туған күні	Тұратын мекен-жайы (облыс, қала, ауыл, көше, үй, пәтер номері, телефоны)	Білім беру үйімдің ың атауы	Оқыту тілі	Команда атауы	Жаттықтырушының аты-жөні (толық), байланыс телефонда

--	--	--	--	--	--	--	--	--

Төрекінгіз АРК жағынан

Ережеге 3-қосымша

**ТӨРЕШ ПАРАФЫ**

Раунд №\_\_\_\_\_ Аудитория \_\_\_\_\_ Уақыт: \_\_\_\_\_

Қарар:

БП

Үкімет лидері

Оппозиция лидері

		Аты-жөні		
		Ұпай		
		Жалпы ұпай, ранг		

Үкімет спикері

Оппозиция спикері

		Аты-жөні		
		Ұпай		

	Жалпы ұпай, ранг			

Негізdemeler:

- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_

Төрешінің Т.А.Ж., қолы \_\_\_\_\_

### ФЛОУШИТ

Премьер-Министр	Оппозиция лидері	Үкімет спикері	Оппозиция спикері	Оппозиция лидері
				Үкімет лидері

<b>Үкімет лидері - 1</b>	<b>Оппозиция лидері - 1</b>
Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен	Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен
<b>Үкімет спикері - 2</b>	<b>Оппозиция спикері - 2</b>
Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен	Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен
<b>Үкімет лидері - 1</b>	<b>Оппозиция лидері - 1</b>
Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен	Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен Мемлекеттің көмекшілерінен

*Абай Рат Маджаров*

Укімет лидері - 1	Оппозиция лидері - 1
-------------------	----------------------

## БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

50-54	Сөз мазмұнының тақырыппен ортақ ештесі жоқ; Сөз мазмұны мәлімдемеден ары бармайды, шиеленіскең және бағыттан жаңылыстырады; Айтылған бүкіл сөз бойы ойға ілесу мүмкін емес, ал бұл оны қандай да бір сенімнен айырады.
55-57	Бір немесе екі релеванттылығы өте аз мәлімдемелер; Мәлімдемелер аргумент түрінде тұжырымдалмаған, комментарийге көбірек ұқсайды; Шамамен айтылған сөздің барлығына дерлік ілесу өте қын, ал бұл оны сенімнің көшшілік белгінен айырады.
58-60	Мәлімдемелер кездейсоқ түрде релевантты болуы мүмкін; Мәлімдемелер аргумент түрінде тұжырымдалмаған, бірақ түсіндіруге тырысқан белгілі бір тұспалдар бар; Ойға ілесу қын, ал бұл айтылған сөзге үлкен сенім білдіруге мүмкіндік бермейді.
61-63	Кейбір ойлар релевантты, көшшілігі аргумент түрінде тұжырымдалған; Аргументтерде белгілі бір түсіндірулер бар, алайда айтартылған логикалық сәтсіздіктер кездеседі; Жиі түсініксіз және шиеленіскең, айтылған сөзге толықтай сенуге мүмкіндік бермейді.
64-66	Айтылған аргументтердің кейбіреулери релевантты; Жалпы алғанда аргументтер түсіндірілген, бірақ белгілі бір логикалық сәтсіздіктер бар; Түсініксіз нәрселер жиі кездеседі.
67-69	Жалпы релевантты аргументтер; Шамамен барлық аргументтерде түсіндірулер бар, бірақ көшшілігінде

	аздаған логикалық кемшіліктер жіберіледі; Ой жартылай түсінікті, бірақ жалпы алғанда ойға ілесу қын.
70-72	Аргументтер көбінесе релевантты; Аргументте түсіндірuler бар, бірақ белгілі бір логикалық кемшіліктер сақталады; Кейде ойға ілесу қын.
73-75	Іс жүзінде аргументтер толықтай релевантты, бірақ кейде түпкі идеяларды жіберіп алады; Кейде, бірақ өте сирек, аргументтер: А) оларға түсіндіру жеткілікті болмайды; Ә) қарапайым, сол себепті аздаған қарсылықтың алдында осал болады; Б) негізгі мәселеден бірқатар ауытқушылықтар; Ойға жеткілікті түрде оңай ілесуге болады.
76-78	Аргументтер толықтай релевантты және тақырыптың негізгі сұрақтарының көшшілік бөлігін сипаттайды. Аргументтер айқын логикалық кемшіліктерсіз, жақсы құрылған және түсіндірілген. Ойға оңай ілесуге болады.
79-82	Аргументтер толықтай релевантты және тақырыптың барлық негізгі сұрақтарын сипаттайды; Аргументтер логикалық кемшіліктерсіз жеткізілген және өте жақсы түсіндірілген; Жақсы қарсылыққа осалдық танытуы мүмкін.
83-85	Аргументтер тақырыптың түпкі мәселелерін қозғаған; Аргументтер өте жақсы түсіндірілген және қарсылық келтіре алу үшін күшті жауаптарды талап етеді; Қарсыластың күшті аргументтеріне барлық кезде жауап қайтарып үлгермейді, бірақ жалпы алғанда кемшіліктер өте аз.
86-88	Аргументтер барлық жағынан өте керемет және тақырыптың мазмұнын терең аша алады; Аргументтердің әлсіз жерлері жоқ, оларға қарсылық тудыру үшін өте көп күш салу керек; Құрылымда тек аздаған кемшіліктер.
89-91	Тақырыпты сәтті ашатын тамаша аргументтер; Аргументтер өте жақсы құрылған және ашылған, оларға қарсылық критикалық күш-жігерді талап етеді; Мәлімделген позицияның беріктігіне ешқандай әсер етпейтін өте аз кемшіліктер.
92-94	Таңғаларлық, турнирдегі күмәнсіз үздік сөз; Тақырыптың мәнісін сәтті ашатын, өте тамаша құрылымды және күмән келтіре алу үшін өте керемет қарсылықтардың сериясын талап ететін аргументация; Ешқандай кемшілік жоқ.
95-100	Пікірсайыс тарихындағы ең үздік сөздердің бірі; Келтірілген аргументтерге қанағаттандыраптың қарсылық келтіру өте қын; Мінсіз және барлық жағынан таңғаларлық сенімді аргументтер.

Ережеге 4-қосымша

**Төменде спикерге ұпай үйлестірудің стандартты шкаласы көрсетілген:**

**16-дан төмен:** нашар. Әдетте бұл деңгейде спикер сенімсіздікке, шатасуға бой алдырып, күтпеген ойға шомылумен қатар қарсылас топқа дөрекілік көрсетсе, төрешілер ұпай бермейді.

**16-17 өте жаман.** Ойдың тәртіптілігі, дәйектер логикасы мен идеяларды білдіру өте төмен деңгейде. Сөз белгіленген уақыттан бұрын аяқталып біtedі.

**18-20 жаман.** Идея мен сараптаманы ұсынудағы қыншылықтар; дәйектер сенімсіз; өз уақытын тиімді пайдаланған жоқ.

**21-22 орташадан төмен.** Спикер жоғарыда көрсетілген талаптардың біреуі не бірнешеуіне сай келмейді.

**23-24 орташа.** Қабылдауга болатын сөз; кейбір кемшіліктер болуы мүмкін.

**25 жақсы.** Спикердің сөзі сенімді, материалды жақсы ұсына алады. Пікірсайыстырудың кейбір тұстарында жарқ етіп көрінеді.

**26 өте жақсы.** Ұсыну мен түсіндіруде айтарлықтай қателер жоқ. Сенімді сараптама; ұтымды терістеу; шебер презентация мен жақсы стиль. Әрбір раундта 26 ұпай жинаған спикер турнирдің 10 үздік спикері қатарына кіруі мүмкін.

**27 тамаша сөз.** Спикер бәрін жоғары дәрежеде жасады; сөзі раундқа шешуші әсер етті; тамаша презентация. Турнирдің ең жақсы сөздерінің бірі. Әрбір раундта 27 ұпай жинаған спикер 3 үздік спикердің қатарында болады.

**28 Сіз естіген ең жақсы сөздердің бірі.** Егер спикер 28 ұпай жинаса, турнирдің ең үздік спикері аталуы мүмкін.

**29 Сіздің өміріңіздегі ең тамаша сөз.** Көз жасыңызды ағызды. У. Черчилль мен Мартин Лютер Кингтің сөздерінің қатарында.

**30 Адамзат тарихындағы ең тамаша сөз.** Мұндайды екінші жолы естуіңіз екіталай.

Төрешінің шешімі, ұпайлар мен әртүрлі ойлар турнирдің сонында алынатын бэллотта жазылады. Әрі қарай жақсартуды керек ететін аймақтарды анықтау үшін бэллоттарды мұқият оқыңыз. Жас пікірсайысшыларға барлық раундтарды жеңбегені, жоғары спикерлік ұпай жинамағаны үшін қайғырудың қажеті жоқ. Пікірсайыстыру қабілеті тәжірибе нәтижесінде келеді, тіпті өте тәжірибелі пікірсайысшылар кейде ұтылып жатады.

*Кафедра менгерушісі*

*Н.Жунисова*

*Әдіскер*

*С.Тлеулиев  
Б.Касымбаева  
Э.Байдарбекова  
У.Кайназарова*

*Х.Дархан*

*К.Абубекер*